

Қалың бұқара арасында үгіт-көпшілік жұмысы кең өрістетілсін

Ұлы Отан соғысы совет халқының ұлы жеңісімен аяқталды. Совет халқының айбынды батыр Қызыл Армиясы негізгі басқыншыларды біржолата жеңіп, адам баласын неміс жыртықштардың ұлы тырнағынан құтқарды.

Халқымыз мұндай тарихи ұлы жеңіске Ленин—Сталин партиясының басшылығы, партиямыз бен халықтарымыздың дауысқан көсемі Сталин жолдастың басшылығы арқасында жетті.

Бұл жеңіске совет халқы тарихта теңдесі жоқ күрестер арқылы жетті. Бұл жеңіске Қызыл Армияның майдандары қазармандық ұрыстары арқылы, совет халқының тылдағы жаңбырлық еңбегі арқылы жеттік.

9 май күні бүкіл әлем ұлы Сталиннің дауыс сөздерін тыңдады. Бөсемнің сөзі халқымызды ұлы қуанышқа бөледі. Бөсемнің сөзі халқымызға жаңа жігер берді. Олар ең еңбектегі жігерін тасытты. Сталин жолдас халыққа арнаған үндеуінде: «Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін берген ұлы құрбандығымыз, соғыс кезінде халқымыздың көрген ұшан-теңіз азабы мен таршылығы, Отанымызды қорғау үшін тылда және майданда істеген қажырлы еңбегіміз басқа кетпей, жауды толық меңумен аяқталды» деді.

Большевиктік шындық сөздің үгітшілері Отан соғысы күндерінде партия мен комитеттің қарарларын, ұлы Сталиннің тарихи баяндамаларын мен сөздерін бұқараның сана-сезіміне жеткізуде көп жұмыстар істеді. Совет халқы майдан үшін жанқиярлықпен жұмыс істеуге шақырып, Парманді, тынғылықты жүргізілген большевиктік үгіт өзінің игілікті нәтиже еті берді.

Қазіргі жағдайда үгіт-көпшілік жұмысы бұрынғыдан да кең өрістетілуі керек. Оған алдына жаңа талаптар қойылады отыр.

Еңбекшілерді еліміздегі жаңалықтар мен, сондай-ақ халықаралық жағдаймен

Жауға қарсы ұрыстарда қаза тапқан, халқымыздың бостандығы мен бақыты үшін құрба болған батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

(И. В. Сталин жолдастың халыққа арнаған үндеуінен).

МОСКВА, КРЕМЛЬ

Иосиф Виссарионович Сталинге

Қымбатты Иосиф Виссарионович!

Бүкіл Совет халқының Отан соғысы толық жеңіспен аяқталған ұлы қуаныш күні Отанымызды жаудан сақтап қалған кеменгер көсеміміз және данышпан қол басшымыз қымбатты Сталин жолдас, Сізге, біздің сүйікті совет Отанының бүкіл халқымен бірге қазақ халқы мен Қазақстанның барлық еңбекшілері өзінің алғашқы алғыс сөзін және шың жүректен сәлемін жолдайды.

Жұмысшылар мен қызметшілердің, колхозшылар мен интеллигенцияның фашистік Германияға қарсы күрестегі ұлы жеңісімізге және Сіздің 1945 жылғы 9 мадағы халыққа арнаған тарихи үндеуіңізге арналған митингілері мен жиыныларында Қазақ ССР-нің еңбекшілері барлық жерде өзінің Отанын, Ұлы совет мемлекетін мақтап отырып, майдан мен елімізге көмектесу жолында қажымай-талмай еңбек істеп, жауды жеңу ісіне өздерінің үлес қосқандығын туысқан Сталин жолдас, Сізге айта алады.

Енді, бейбіт өркендеу дәуірі басталған кезде Сіздің 1945 жылғы 1 май күні халыққа арнаған үндеуіңіздегі «Елімізге соғыс түсірген жараны тезірек жазылдыр. Советтік мемлекетіміздің қуатын бұрынғыдан да аттыра беріңдер!» деген сөзіңіз біздің еңбегімізге ұлы іс программасы болады.

Соғыстағы жеңісімізді нығайтып, бүкіл әлемде баянды және тұпкілікті бейбітшілікке жету үшін біздің Совет мемлекетінің қуатын бұдан былай да нығайта беру керек екендігін, соғыс және бейбіт уақыттағы қуатымыздың негізі—социалистік экономиканы күшейте беру

керек екендігін, жеңімпаз Қызыл Армия мен қызыл флотымызды шыңдап, оның жауынгерлік қуатын бұрынғыдан да арттыру керек екендігін, біздің совет халқының даңғы мен сәулетті тұрмысы үшін қажымай-талмай еңбек істеу керек екендігін біздің барлығымыз, жұмысшылар, колхозшылар, ой еңбегінің қызметшілері мен қызметкерлері жақсы біледі.

Осы қатты Сізге арнай отырып, Сталин жолдас біз Қазақстанның жұмысшылары, жұмысшы әйелдері, колхозшылары, колхозшы әйелдері мен интеллигенциясы атынан жеңіс туы, бүкілхалықтық социалистік жарыс туы еңбекте, ғылым мен мәдениетте және табыстарға жететін жолды жарық қып, жазғы ашық күндері жайнай түсу үшін еңбектегі белсенділігімізді, өнеркәсібімізді, колхоздарымызды, МТС-тер мен совхоздарымызды өндірістік және техникалық мәдени етімізді жоғары дәрежеге көтереміз деп Сізге уәде береміз. Даңқты Ленин—Сталин партиясының басшылығы арқасында және Сіздің данышпандық басшылығыңыз арқасында Отанымыздың бүкіл халықтарымен бірге қазақ халқы да елімізге соғыс түсірген жараны тезірек жазу ісінен және неміс сайтаншылардың қожалық құрған кезде совет жерінде қалдырған зардабын жою ісінен ештеңе аямайды.

Жеңімпаз совет Отанымыз жасасын!

Біздің жеңімпаз совет халқы, оның Қызыл Армиясы мен Соғыс-Теңіз Флоты жасасын!

Еліміздің халықтарының бақыты үшін туысқан және сүйікті Сталин жолдас көп жасап, ұзақ уақыт өмір сүре берсін!

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі А. ҚАЗАҚБАЕВ.
Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің Председателі Н. ОНДАСЫНОВ.
Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің Секретарі Г. БОРКОВ.

И. В. Сталин жолдастың үндеуі
Ундеуінің негізінде басшылар шығатын

Қызыл Армияның генералдары мен командирлері Советтер Одағының Батыры атағын беру туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Неміс-фашист басқыншыларға қарсы күрес майданында командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындағаны және мұнымен бірге, табысқа жеткені үшін төменде аты аталғандарға Советтер Одағының Батыры атағы беріліп, Ленин ордені мен «Алтын Жұлдыз» медалі қоса тапсырылсын:

1. Генерал-майор Банланов Глеб Васильевичке,
2. Генерал-лейтенант Баранов Виктор Кирилловичке,
3. Танк әскерлерінің генерал-лейтенанты Белов Евтихий Емельяновичке,
4. Артиллерия генерал-полковнигі Баронцов Сергей Сергеевичке,
5. Генерал-майор Брехин Григорий Ивановичке,
6. Артиллерия генерал-майоры Волкенштейн Сергей Сергеевичке,
7. Инженерлік әскерлердің генерал-полковнигі Галицкий Иван Павловичке,
8. Полковник Горский Михаил Николаевичке,
9. Генерал-майор Жуков Григори Игнатьевичке,
10. Авиация генерал-майоры Забалуев Вячеслав Михайловичке,
11. Полковник Комаров Владимир Николаевичке,

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі
Москва, Кремль.
1945 жылғы 29 май.

М. КАЛИНИН.
А. ГОРКИН.

Қызыл Армияның генералдары мен офицерлерін Суворов, Кутузов және Богдан Хмельницкий ордендерімен наградтау

Зор көлемді ұрыс қыймылдарына шеберлікпен және батырлықпен басшылық жасағаны, сөйтіп бұл ұрыс қыймылдары

Н. М. Туляков, генерал-лейтенант В. Е. Банович және басқалар, барлығы адам;

раһи тәһрик ҡызу, советтик мемлекетимиздин ҡуатын бұрынғыдан да арттыра берү болып отыр.

Табысқа мастану биздин халқымыздың салты емес. Көп жеткен табыстарға мас тану—болысшыларға жат іс. Еліміздің шайқастығын, мәтенетін жаңа міндеттерге сәй өркендете беру үшін әрбір совет азаматы жаңа қарқынмен, жаңа жігермен еңбек етуі керек.

Бұқаря арасында үгіт-көңішілік жұмысын көп өрістетіп, халқымыздың алдында тұрған міндеттерді оларға жете түсіндіру, еңбекшілер бұқарасын бұл міндеттерді орындау күресіне жұмылдыру партия ұйымдарының, сонымен бірге үгітшілер мен пропагандистердің аса ардақты, аса құрметті міндеті.

Үгіт-көңішілік жұмысы саяси-шаруашы

лық қозғалыстар арасында көп өрісетуіне жете көңіл болу керек.

Партия ұйымдары саяси-ағарту мекемелерінің жұмысына өзінің басшылығын күшейтуге тиіс. Олардың жұмысына көмектесе отырып, оқу үйлері мен клубтарды, кітапханалар мен қызыл бұрынштарды партия-көңішілік жұмысының орталығына айналдыру керек.

Партия ұйымдары қалың бұқара арасында үгіт-көңішілік жұмысын көп өрісете отырып, Қазақ ССР 25 жылдық даңқты мерекесіне республикамыздың ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібінің барлық салаларында, сондай-ақ түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениетті өркендете беру ісінде зор табыстармен келуді қамтамасыз етуге міндетті.

(«Социалистік Қазақстанның» 25 майдағы басмақаласы).

Жеңіс Туын Москваға жөнелту мерекесі

Кеше Берлин тағы бір даңқты оқиғаны көрді: әскерлеріміз қатты ұрыстардан жоғары ұстап өтіп, Германияның астанасындағы Рейхстаг үйінің үстіне тік кен Жеңіс Туы Москваға жөнелту үшін салтанатпен тапсырылды.

Бұл мерекеден көп бұрын жауынгерлеріміз бен офицерлеріміз отырған машиналар, мотоциклдер, велосипедтер лек-легімен Бранденбург қақпасына қарай ағыла бастады. Бөрі де Паризерилақтағы рейхстаг үйіне баруға асығуда. Бүгінгі сағат 3-те көреме өткізілетін жерге Берлиннің соғыс көмекданы Советтер Одағының Батырлы генерал-полковник Берзарин келді. Мерекеге қатысу үшін сап түзең тұрған бөлімдер мен бөлімшелерге: «семирно» деп команда берілді. Генерал-майор Фирсов генерал-полковник Берзаринге гарнизон әскерінің бөлімі Жеңіс Туын Москваға жөнелту үшін тапсыруға арналған парадқа шығуға сап түзең тұрғанын байындады. Генерал-полковник Берзарин бөлімшелердің алдынан өтіп, Берлинді алу ұрыстарында даңққа шыққан жауынгерлермен амандасты. Бұл кезде Жеңіс Туын рейхстаг үйі үстінен алып, оның орнына жаңа ту тікті.

А. В. Суворовтың шөбересіне „Ленинградты қорғағаны үшін“ медалі тапсырылды

ЛЕНИНГРАД, 18 май. (ТАСС). Бүгін А. В. Суворовтың қайтыс болғанына 145 жыл тоғуы күні Ленинградтың Куйбышев ауданының өкілдері А. С. Сувороваға — Агаджановаға барды. Ұлы қолбасшының шөбересі бығыл 69-да, алайда ол өзінің сүйікті жұмысы—орыс тілінен—ағыл

шын тіліне аударма жасау ісін еркін атқаруда.

Куйбышев аудандық советі атқөмінің председатели Мурашко жолдас А. С. Сувороваға—Агаджановаға «Ленинградты қорғағаны үшін» медалін тапсырып, оны нағраден құттықтады.

Литван тілінде басылп шықты

Литва К(6)Ш Орталық Комитетінің баспасы Сталин жолдастың 1 майдағы бұйрығын Литван тілінде 50 мың дана етіп бастырып шығарды.

Жақын арада литван тілінде «жеңіс» атты кітапна басылып шығады. Бұл кітапшаға ССРО Жоғарғы Советі Президиу

Советтер Одағы мен Дания арасында елшілік қатынастың қалпына келтірілуі

Дания азат етілгеннен кейін құрылған Данияның жаңа үкметі 10 майда Совет Үкметінен екі елдің бір-біріне елшілер тағайындауын өтінді және Дессинг мырзаны Данияның Советтер Одағындағы Төтенше Елшісі және Полномочіелі елшісі етіп тағайындауға Совет Үкметінің ризалығын сұрады.

16 майда Совет Үкметі Дания үкметіне екі елдің арасындағы қатынасты қалпына келтіру туралы оның ұсынысын, Гитлер Германиясы 1941 жылғы июнь

мының 9 майды жеңіс күні деп жариялау туралы Указы, И. В. Сталиннің халыққа арнаған үндеуі, Қызыл Армия әскерлері мен Соғыс-Теніз Флотына берген № 369 бұйрығы және Германияның соғыста тізе бүгуі туралы акті өткізді. (ТАСС).

айында Советтер Одағына шабуыл жасаған күні Данияның бұрынғы үкметінің Дания мен Советтер Одағы арасындағы елшілік қатынасты үзудің Данияның жаңа үкметінің айыптаралдығы деп танып, Данияның жаңа үкметінің ұсынысына өзінің ризалығын беретінін білдірді. Мұнымен қатар Совет Үкметі Т. Дессинг мырзаны Данияның Советтер Одағындағы Төтенше елшісі және Полномочіелі елшісі етіп тағайындауға өзінің ризалығын білдірді. (ТАСС).

СОВЕТТЕР ОДАҒЫНДА

СІБІР ТРАКТОРШЫСЫ ЛИХОДУМОВТЫҢ ҮЗДІК ТАБЫСЫ

Иркут облысындағы Железнодорожник совхозының тракторшысы Николай Лиходумов өгіс басталар алдында бір маусымда жылдық мөлшерді екі есе орындауға міндеттеме алды. Ол трактордың цилиндрінде сұлы суытқыш жаап, шапшаң жүріспен жұмыс істей бастады. Тегіс жерде Лиходумов екінші дәрежелі шапшаңдықпен, еңкеуге қарай үшінші дәрежелі шапшаңдықпен жүрді.

Осындай шапшаң жүріспен Лиходумов үздік табысқа жетті. Ол трактор жұмыстарының жылдық жоспарын алғашқы 15 күннің ішінде-ақ орындап, 2 тонна жанармай үнемдеді.

(ТАСС).

БЕЛОРУССИЯНЫҢ ДӘРІГЕРЛІК АВИАЦИЯСЫ

Белорус республикасының қызыр аудандарындағы еңбекшілердің қажетін өтеуді жақсарту үшін БССР денсаулық сақтау Халық Комиссариаты Минскде және Гомельде, Гроднога, Барановичте, Мозельге және республиканың басқа да қалаларына шақыру бойынша жедел көрдемге баратын дәрігерлік самолеттер таң қияларын ашты. Халыққа тиісті жәрдем көрсету үшін шақырған жерлерге дәрігерлік самолеттермен таңдаулы дәрігерлер барып тұрмақ.

(ТАСС).

ЖҰМЫСШЫЛАР МЕН ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ

Жұмысшылар мен қызметшілердің өздеріне меншікті үйлер салуына бығыл қарызға 325 миллион сом қаржы беріледі. Үкметтің бұл жұмысқа берілген қаржысы ешуақытта, соғыс кезінде де, соғыстан бұрынғы жылдарда да мұндай көп болған емес.

Бығыл қара металлургия кәсіп орындағы жұмысшылардың, инженерлер мен қызметшілердің өздеріне меншікті үйлер салуына 40 миллион сом, темір жол

ЖАЗҒЫ СПОРТ МАУСЫМЫ БАСТАЛДЫ

20 майда Москвадың сан мыңдаған жігіттері мен қыздары жазғы спорт киімін киіп, Сокольники тоғайына қарай ағылды. Бұл тоғайда астананың жазғы спорт маусымы кәсіпшілік одақтары мен комсомол ұйымдарының дәстүрлі бәйгесімен ашылды.

Москва өзенінде бығылғы маусымда алғашқы рет ескекті қайықтар жарысы өткізілді.

БІЛІМПАЗДАР ШАХТАЛАРДЫ ҚАМҚОРЛЫҒЫНА АЛУДА

Новочеркасскінің білімпаздары көмір өнеркәсібін қалпына келтіруге зор көмек көрсетуде. Шахта салушы көрнекті мамандардан, геологтардан, энергетиктерден 15 бригада құрылды. Бұлар «Гостовуголь» компаниясының жеке шахталарын қамқорлығына алуға.

генерал-полковник В. И. Казаков, танк әскерлерінің гвардия генерал-полковникі М. Е. Катков, генерал-полковник В. Я. Колнакчи, генерал-полковник В. Д. Евланов, генерал-полковник В. И. Чуйков, барлығы 23 адам;

1-ДӘРЕЖЕЛІ КУТУЗОВ ОРДЕНІМЕН — генерал-лейтенант Ф. А. Волков, авиация генерал-лейтенанты Е. Ф. Логинов, танк әскерлерінің гвардия генерал-майоры

2-ДӘРЕЖЕЛІ СУВОРОВ ОРДЕНІМЕН — полковник А. Г. Бедерко, танк әскерінің гвардия генерал-лейтенанты Р. Кириченко, гвардия полковник Р. Лин, генерал-майор Т. Е. Шкрылев, басқалар, барлығы 73 адам;

2-ДӘРЕЖЕЛІ КУТУЗОВ ОРДЕНІМЕН — 23 адам;

2-ДӘРЕЖЕЛІ БОГДАН ХМЕЛЬНИКОВ ОРДЕНІМЕН—20 адам (ТАСС)

Қызыл Армияның генералдары мен офицерлерін ордендермен наградтау

Неміс басқыншыларға қарсы күрес май айында командованиенің жауынгерлік тапсырмаларын үлгілі орындағаны және жұнымен бірге, табысқа жеткені үшін, ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша мына адамдар наградталды:

ЛЕНИН ОРДЕНІМЕН—дәрігерлік қызметтің генерал-лейтенанты С. С. Гирголаз,

генерал-лейтенант Я. А. Едунов, полковник П. П. Рыбаков, генерал-лейтенант В. А. Сычев, полковник Н. Ф. Успен, генерал-полковник Е. Н. Трубишников, басқалар, барлығы 30 адам;

ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІМЕН—15 адам
1-ДӘРЕЖЕЛІ ОТАН СОҒЫСЫ ОРДЕНІМЕН—2 адам.

(ТАСС)

ЛЬВОВТА ЖАҢА ВОКЗАЛ САЛЫНА

Неміс басқыншылар Львовтың таза вокзалын талқандап кетті. Қазір архитекторы Г. Ф. Демашенконың жосы бойынша жаңа вокзал салуға кісілі. Бұл вокзал еліміздегі ең жақсы залдардың бірі болады. Оның өдемі, залдары, жатақ үйлері, қонақ үйі, раны болады. Екінші қабаты тегін дерлік аналар мен балаларға арналы.

Вокзалды салуға 14 миллион сом салады (ТАСС)

ПУШКИНГЕ ЕСКЕРТКІШ ҚАЙТАДА ӨЗ ОРНЫНА ОРНАТЫЛДЫ

Пушкин қаласында (Ленинград облысында) Ұлы ақын оқыған лицей үйі алдындағы бақшада А. С. Пушкинге салған атақты ескерткіш қайта орнады.

(ТАСС)

АЛТАЙ ТОҚМАШЫЛАРЫНЫҢ ТАБЫСТАРЫ

Жеңіс құрметіне стахановтық бақ тұрған Алтай тоқымашылары май айының прогаммасын мерзімінен бұрын орындап, жоспардан тыс 100000 мата тоқуға міндеттеме алған болатын. Соғыстан кейінгі алғашқы алтаиінде Меланж компания жоспардан 35000 метр мата тоқуын шығарды.

(ТАСС)

Қазақстанның 25 жылдығы атындағы бүкіл халықтық социалистік жарыс

БАРЛЫҚ КҮШ, МҮМКІНШІЛІК ЕГІС ЖҰМЫСТАРЫН ТЕЗ АРАДА АЯҚТАУҒА ЖҰМСАЛСЫН!

ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫ

Қазақ ССР-нің 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста көктемгі егісте үздік шыққан мына озаттар облыстық совет атқамі мен ҚН(б)П облыстық комитеті бюросының қаулысы бойынша, облыстық ХҰРМЕТ ТАҚТАСЫНА жазылады:

ОБЛЫСТЫҚ АСТЫҚ СОВХОЗДАРЫ ТРЕСІНЕН:

ШАҒЛЫ совхозы (директоры СЕРОКИН, партия ұйымының секретарі ИДОРЕНКО жолдастар). Бұл совхозда егіс жоспары 100,6 процент орындалды.

КИРОВ атындағы совхоз (директоры Богинич, партия ұйымының секретарі Кравченко жолдастар);

УЗЫНҚӨЛ совхозы (директоры МЕЗЕНЦЕВ, партия ұйымының секретарі СЕРГЕЕВА жолдастар);

СОВЕТ совхозы (директоры ГЛУХОВ, партия ұйымының секретарі ДОЛУШИН жолдастар). Бұл совхоздарда республикалық онкүндік кезінде егіс жоспары 100 процент орындалды.

ОБЛЫСТЫҚ МАЛ СОВХОЗДАРЫ ТРЕСІНЕН:

ПРЕСНОВ совхозы (директоры ЛАРИН, партия ұйымының секретарі ОТИН жолдастар). Бұл совхоздың коллективі 1658 гектар орнына, 1706 гектар егіс егіп, егіс жоспарын 102,9 процент орындады.

ТОРАҒҰЛ совхозы (директоры ЫСҚАҚОВ, партия ұйымының секретарі ФОМИЧЕВ жолдастар). Бұл совхоздың коллективі 1807 гектар орнына, 1816 гектар егіс екті.

СТЕПНОЙ совхозы (директоры ГОЛОМИН, партия ұйымының секретарі СЛИСЕНКО жолдастар);

ЯВЛЕНКА совхозы (директоры БОБРИЦКИЙ, партия ұйымының секретарі ЗУБЕНКО жолдастар). Бұл совхоздардың коллективі республикалық онкүндік кезінде егіс жоспарын толық орындап, жоспардан тыс ондаған гектар егіс екті.

ЛЕНИН АУДАНЫНАН:

АМАНКЕЛДІ атындағы колхоз (председателі АҚИН жолдас). Бұл колхоз егіс жоспарын 100 процент орындады.

«ИСКРА» колхозы (председателі САНИН жолдас). Бұл колхозда 1400 гектар орнына, 1403 гектар егіс егілді.

«МИР» колхозы (председателі ДИЛЬ жолдас). Бұл колхоздың колхозшылары жоспар бойынша 1000 гектар егіс екті.

Облысымыздың егіс даласында

Аудандардың көктемгі егісті өткізудегі социалистік жарысы

ыстық жер бөлімінің мәліметі бола, 30 майға дейін облыс колхозда 59282 гектар егіс егіп, егіс жоспары 36,4 процент орындады. 29 майда 5627 гектар жерге ғана тұқым і. 29 майда тұқым себу жөніндегі күндіз тапсырманы бірде-бір аудан ай алмады.

те бұрынғыша Петропавл ауданы колхоздары алда келеді. Мұнда 1 гектар егіс егіп, жоспар 97,6

630 орнына 195 гектар ғана егіс егілді. Сөйтіп, жалпы егіс жоспары 75,8 процент ғана орындалды.

Облыс колхоздары 29 майда небары 5736 гектар жер жырттып, жер жырту жоспарын 86 процент ғана орындады.

Жер жыртуда Петропавл ауданының колхоздары бірінші орында, Октябрь ауданының колхоздары екінші орында, Ленин ауданының колхоздары үшінші орында, Ползунов ауданының колхоздары

Жұмысқа кедергі жасаушы қылмыстылар жауапқа, тартылсын

Колхоз шаруашылығының қай саласын да болсын колхоз белсенділері, құрама мүшелері колхоз председателимен бірдей жауап беруге тиіс. Колхоз председатели қанша қабілетті, қанша дұрыс басшылық етем деп талаптанса да, белсенділер оған көмектеспесе ол колхоздың жұмысы алға баспайды. Істің жәйі Преснов ауданындағы «Жарқын» колхозында осындай.

Бұл колхоздың председатели Отенев жолдас бұрын осы аудандағы «Ұзын көл» колхозында екі жыл председателе болып істеді. Бұл екі жылда да Отенев жолдас басқарған «Ұзын көл» колхозы көктемгі егісті мерзімінде аяқтап отырды. Жұмыс сапалы болды. Колхоз мемлекетке астық тапсыру жоспарын артығымен орындады. Колхозшылардың еңбек күніне мол астық берілді. Бйткені мұнда алдымен, колхоз белсенділері председателге көмектесті. Колхозшыларды қажырлы еңбекке жұмылдыра білді.

Ал «Жарқын» колхозында істің жәйі бұлай емес. Отенев жолдас өзінің колхоз шаруашылығымен жете таныс екендігін, колхозшыларға дұрыс басшылық ете алатындығын, іскерлігін талай рет көрсетті. Солай бола тұрса да «Жарқын» колхозындағы кейбір белсенділердің колхоз шаруашылығына ынта, жігермен ат салыспауы, өз ара ынтымақшылыққа салынып, егіс жұмыстарының кешеюіндеуіне тікелей жауапты қылмыстылардың зиянкестік ісін бүркемелей беруге тырысуы салдарынан колхоз көктемгі егіс жоспарын күні бүгінге дейін 44 процент ғана орындады. Мұнда егілуге тиісті 700 гектар егістің небары 308 гектары ғана егілді.

Алдымен, мұнда Жақин жолдас басқарған трактор отряды өзіне белгілеген мөлшерді мүлде орындай алмады. Ол жырттылуға тиісті 178 гектар жердің, бүгінге дейін 74 гектарын ғана жыртты, 510 гектар орнына, 184 гектар жерге ғана тұқым сеңті, күн сайын 25 гектар жерге тұқым себу орнына, трактор бригадасы бұған мүмкіндігі бола тұрса да күніне 9 гектар жерге тұқым сеуін жүр. Күндік жұмыс мөлшерін орындамаушылықтың сыры Жақин жолдасдың іске жауапсыз

сырмасының орындалмау себебі не? Өлде колхозда көлік күші, құрал-сайманы, адам күші жетпей ме? Жоқ бұлай емес. Егін бригадасының бригадирлері күндік мөлшердің орындалуын қадағалап отырмайды. Оған дәлел: Рахметов жолдас басқарған бригада екі тілді 5 соқамен 24 күн ішінде 57 гектар ғана жер жыртты. Ал көршілес Аманкелді атындағы колхоздың Касенов жолдас басқарған егін бригадасы 5 соқамен 9 күнде 67,5 гектар жер жыртты. Бұл факті Рахметов жолдасдың көктемгі егісті ұзаққа созу үшін қасақана әрекет істеп, саботаж жасап отырғандығын сыпаттайды. Бұл бригадада «жерге пық түсіп кетті, жел көтеріліп кетті» деген бөгде себептерді бетке ұстап, жер жыртпай қою жиі кездеседі.

Ал Омаров жолдас 135 гектар жердің 20 күнде жырттылып болуын қамтамасыз ету жөнінде жұртшының алдында уәде берген еді. Бірақ уәде мен іс бір жерден шықпайды. Омаров жолдас жұртшылықты алдады. Оның бригадасы күніне 5 соқамен 8 гектар жер жырту орнына, 3 гектардан ғана жер жыртты. Соның салдарынан бригада 24 күнде небары 72 гектар ғана жер жыртты. Омаров жолдас құрғақ уәдеге әуес-ақ. Жұырда болып өткен партия жиылысында ол 93 гектар егінді 5 күнде салып бітіруге міндеттенді. Оның уәдесі бойынша, бригадада бір соқамен бұдан бұрын күніне 0,6 гектар жырттылса енді күніне сөз соқамен 3,8 гектар жер жырттылақпай еді. Бірақ Омаров жолдас уәдесін орындамады.

Колхоз белсенділері арасында бірік-бірі «аяушылық», қылмыстыларды бүркемелеп, жабулы жаба тоқушылық етек алған. Мәселен, партия жиылысында колхоз председателинің егін шаруашылығы жөніндегі орынбасары Мұстафин жолдасдың егіс жұмысының барысы туралы баяндамасы тыңдалды. Колхоз басқармасы Мұстафин жолдасқа жырттылуға тиісті 30 гектар алаңды өткен жылғы сабаннан тазарту ісін ұйымдастыруды тапсырған болатын. Бірақ Мұстафин жолдас бұл тапсырманы орындамады. Соның салдарынан трактор бір тәулік бойына босқа тұрды.

Айлық жоспар артығымен орындалды

Петропавлдағы нан комбинатының жұмысшылар коллективі социалистік жарыста май айының өндірістік жоспарын 25 майға дейін толық орындауға міндеттенген болатын. Олар 20 майда өндірістік жоспарды едәуір артығымен орындап, жарыста алған міндеттемелерін аброймен орындады.

Чурсина жолдасдың нан пісірушілер бригадасының мүшелері қажырлы еңбек істеп, май айының 20 күндік өндірістік жоспарын 150 процент орындады. Олар өнімінің сапасын арттыруда да өнегелі іс үлгісін көрсетуде.

Псаев жолдасдың бригадасының мүшелері республикамыздың даңқты мерекесі атындағы социалистік жарыста зор табыстарға ие болу үшін стахановтық бақта тұрып, бір сменала 500 килограмм нан пісіру орнына, 1000 килограмм нан пісіріп, күнделік жұмыс мөлшерін екі есе артығымен орындады.

Стахановшылар Хабибуллин, Попова, Жусыпов жолдастар неміс-фашист басқыншыларын біржолата жою ісін аяқтаған қаһарман Қызыл Армияның жеңістерімен жігерленіп, қажырлы еңбек істеді. Сөйтіп күнделік жұмыс мөлшерін үнемі 120—170 процент орындады.

Комбинат коллективі Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыста алған міндеттемелерін мүлтіксіз орындау үшін күресуде.

А. ЧУРКИНА,

Нан комбинатының қызметкері.

Жұмыс қарқынын күшейтуде

Петропавлдағы «Молот» артелінің мүшелері тарихи жеңісімізге жігерленіп, май айының өндірістік жоспарын 105 процент орындауға міндеттенген болатын. Олар бұл сөртін орындауда Агарлов жолдасдың жұмыс әдісін кедінен қолдану нәтижесінде май айының 20 күндік өндіріс жоспарын 107 процент орындады.

Идыс жасайтын цехтың жұмысшылары жұмыс уақытымен санаспай тамаша еңбек үлгісін көрсетіп, май айының өндірістік жоспарын 25 майда едәуір артығымен орындады және май айының алғы на дейін жоспардан тыс көптеген заттар өндіруге міндеттенді.

Жөндеу цехының жұмысшылары гитлершіл Германияның талқандалып, оның сөзсіз тізе бүккендігі жөніндегі хабарды

Германияны оккупациялау жөніндегі Бақылау Советі туралы

Одақтас елдер үкіметтерінің арасындағы өзара келісім бойынша, жағын артқа Советтер Одағының, Ұлы Британияның, Америка Құрама Штаттарының және Францияның Жоғарғы Командованшесінің өкілдерінен Бақылау Советі құрылмақ. Бұл Бақылау Советі оккупация кезінде Одақтас мемлекеттердің Германиядағы Жоғарғы өкімет орны болады.

Совет Жоғарғы Бас Командованшесінің Бақылау Советіндегі өкілі болып, Советтің Германиядағы оккупациялық әскерлерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Советтер Одағының Маршалы Г. Е. Жуков тағайындалды.

К. Е. Ворошиловтың Будапештке келуі

БУДАПЕШТ, 28 май. (ТАСС). Бүгін мұнда Одақтасардың Венгриядағы Бақылау Комиссиясының Председатели Советтер Одағының Маршалы К. Е. Ворошилов көліп түсті.

Тынық мұхиттағы соғыс

Американ авиациясының Иокогамуға шабуылы

ВАШИНГТОН, 29 май. (ТАСС). Ресми хабарға қарағанда, 29 майда Американың аса қуатты «Ушунши қамал» бомбашыларының ірі құрамалары Мариан аралдарынан ұшып шығып, жапонның Иокогаму портты қаласына шабуыл жасаған.

Екінші бір құрамалар Сакитина аралдарын және жапонның Токионың солтүстік-шығыс жағында 80 миль жердегі Какумигаура соғыс-теңіз базасы мен авиация базасын бомбалады.

ТОКИО, 29 май. (ТАСС). Домей Пуэри агенттігінің хабары бойынша, 29 майда Американың аса қуатты 500-дей «Б-29» бомбашылары 100 истребительлі ертіп шығып, Иокогаму мен Кавасакиге шабуыл жасады. Шабуыл біржарым сағатқа созылды. Бұл қалаларға негізінен өртегіп бомбалар тасталды.

ЛОНДОН, 30 май. (ТАСС). Рейтер агенттігінің хабары бойынша, жапондықтардың Лусон аралының (Филиппин аралдарында) оңтүстік-батыс бөлегіндегі таулы ауданда ұйымдасқан түрде қарсылық көрсетуінің тоқталғандығын одақтастар

ыннан алтыншы орынға шықты. Ете, әсіресе, Совет ауданының мол жұмыс қарқынын әсіресе алты. Бұл ауданда 21279 гектар гіліп, егіс жоспары 78,8 процент орындалды. Егісте Соколов, Булаев Конохов аудандарының колхоздары қатарлылардың қарқынына іле-ай, бүкіл облысымызды кейін тар еледі. Булаев ауданында 29 майда

аудандарында да осындай болып отыр. Конохов ауданының колхоздары 29 майда 620 гектар орнына 282 гектар ғана жер жыртып.

Бұл—егіннен мол өнім алу ісіне тікелей нұқсан келіп отыр деген сөз. Сонымен, аудан, колхоз, МТС басшылары егіс жоспарының таяудағы өкі-үш күнде әрбір колхозда толық орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

үшін мақин жолдас ешбір шара қолданбайды.

Омаров және Рахметов жолдастар басқарған егін бригадалары жұмыс тапсырмасын орындауда мүлде артта қалды. Жыртылуға тиісті. 297 гектар жердің 130 гектары ғана жыртылды, небары 124 гектар жерге тұқым себілді.

Еңбек өнімінің төмендеп, жұмыс тап-

тер алдында жайланып ғана есеп берді.

Осылардың салдарынан колхоз егіс жоспарын мүлде орындай алмай отыр. Егіс жұмысына көдергі жасаушы бұл сыяқты қылмыстылар қатаң жауапқа тартылуға тиіс.

С. ШӘЙМЕРДЕНОВ,
ПРЕСНОВКА. (Өз тілшіміз).

жұмысшылары да қалысқан жоқ. Олар май айының 20 күндік өндіріс жоспарын толық орындап, колхоз шаруашылығына көмек ретінде жоспардан тыс көптеген көпшілік қолдм бұйымдар өндіруді міндеттеріне алды. Стахановшы П. Нурдинова және Путилова жолдастар күнделік жұмыс мөлшерін 2—3 есе артығымен орындап жүр.

М. ГРИН,
«Молот» артелінің қызметкері.

тік жағындағы (Француз Үндікытайында) соғыс орындарын бомбалады. Сол сыяқты Кантоңдағы аэродром да бомбаланды.

ВАШИНГТОН, 30 май. (ТАСС). Американың Окинава аралында қыймыл жасаушы теңіздік жаяу әскер бөлімдерінің Сюри қамалына жақын келгендігін АҚШ-тың Тынық мұхиттағы флотының штабы хабар етті.

Мектептерде емтихан үлгілі өткізілсін

убликамыздың мектептерінде 21 емтихан басталады. Емтихан және н класқа көшіру сынағы—мектеп-тәрбие жұмысындағы ең бір жақсезеңі.

Тәлім мен үкметіміз жастарды оқы-тәрбиелеу ісіне әрдайым ерекше бөліп отырады. Ұлы Отан соғысы інде мектеп жұмысын бұрынғыдан қарту жөнінде алынған тарихи тар мұны айқын сыпаттайды. Міздегі жылдан бастап бастауыш көті жылдық мектепті бітірушілер н, орта мектепті бітірушілер көме-аттестат алуға емтихан беретін. Орта мектепті барлық пәндерден қсы бағамен бітірген оқушылар және күміс медальмен наградтала-стауыш мектепті бітіру емтиханы лардың бастауыш мектеп көлемін-ан білімдері жөніндегі сын болып теңді.

мектепті бітіріп көмелеттік аттес алатын әрбір оқушының білімі болумен қатар, саяси-адамгершілік ы, жалпы ой-өрісі, мәдениеттілі-ннан ерекше көзге түсетін болу ке

мектеп бітіргендер мектепте он ң ішінде оқығанын жақсы ұғып, сақтайтын болуы керек; сұраған-лей жауап қайырып, білімді, л, болумен қатар, жақсы тәрбие лғы мәдениеттілігі де бірден көз-п тұру керек.

леттік аттестатын алуға емтихан оқушылардың жеке пәндерден й білімі болуға тиіс.

алдымен ана тілі мен әдебиеттен . емтихан болады; оқушы шығар-ырыбын дұрыс аңғарып, сөз желі ыс құрып, анық, айқын, ормт ойын жазып шыға алатын болу емле қатесі болмау керек. Ауыз-иханда грамматикалық талдау ы; әдебиеттің тарихи даму дәуір-асты-басты әдебиет шығармала-жазушылардың өмір баянын, і көркем әдебиеттегі алатын ор-

С. СЕМБАЕВ,
Қазақ ССР Оқу Халық
Комиссары.

нын жақсы түсініп, айтып берулері керек. Бұлардан басқа, әдебиет теориясы мәселелерінен де хабары зор болу керек;

б) қазақ мектептерінде орыс тілі мен орыс әдебиетінен жазуша емтиханда әде-би тақырыпқа немесе күнделікті тұрмыс жөнінде бір тақырыпқа шығарма жазды-рылады. Шығарма жазудың орнына, про-граммға сәйкес грамматикалық ережелер ді дұрыс қолданып, мазмұндама жазды-руга да болады. Ауызша емтиханда оқы-ған курс көлемінде грамматикадан білімі тексеріліп, грамматикалық талдау жаса-тылады. Әдебиеттен ауызша емтиханда жазушылардың өмір баяны, шығарма-рының мазмұны сұралады; программа көлемінде шығармалардың мазмұнын әде-би тілмен баяндап айтып, талдау жүргізе де білу керек;

в) математикадан жазуша есеп шыға-рылады, есепті шығарудың жоспарын жа-сап, жолын түсіндіріп шығу керек және есеп шығарудың ең төте тәсілдерін қол-данып отырып, тәртібімен жаза білу ке-рек.

Ауызша емтиханда, алгебра, геомет-рия, тригонометрияның заңдары, ереже-рі, бұл заңдар мен ережелердің логика-лық байланыстары сұралады; теоремалар сұралып, оқушының осы теоремаларды есеп шығаруға қолдана білетіндігі тексе-ріледі;

г) тарихтан: маңызды тарихи оқиға-лар, фактылар, бұл оқиғалар қай жыл-дары болғандығы сұралады; оқушы та-рихи адамдардың ісі мен еңбегін сыйпат-тан, тарихи картаны пайдалана алаты-нын, жақсы білетінін көрсетуі керек, со-нымен бірге, Ресейдің және ССРОның т-нде жүзі тарихында қандай орын алып келгендігі және алып отырғандығын жақ-сы білуі керек.

д) физикадан: механика, дыбыс, жы-лу, электр, оптика бөлімдерінің негізгі

түсініктерін, заңдарын айтып, физика-лық теорияларға сүйеніп, физикалық құ-былыстардың мәндерін баяндап шығула-ры керек. Сонымен қатар, оқушылардың есеп шығара білуі, тәжірибе құралдарын жұмсай алуы да тексеріледі;

е) химиядан: зат туралы, заттың ал-масуы туралы нақты түсінігі болу, түрлі реакциялардың химиялық теңдіктерін бі-лу, осы жөнінде есеп шығара алу тағы басқалар тексеріледі. Оқушы периодтық заңды біліп, Менделеев жасаған период-тық жүйені толық пайдалана алатын болуы керек;

ж) шет тілден: грамматиканы білу, оны оқығанда, жазғанда, сөйлегенде дұ-рыс қолдана білу. Сол тілдің дыбыс жүй-есін (фонетикасын) оқығанда, сөйлеген-де дұрыс айта білу. Әлеуметтік тақырып-тар, жай қатнас үшін керек сөздікті бі-лу. Бұрын оқымаған тексті оқып шы-ғып, сөздікпен пайдаланып, текеті ауда-ра білу.

Емтихан басталар алдынан барлық мек-тептерде педагогикалық кеңестер өткізі-ліп, әрбір класта жеке оқушылардың оқу жылы ішінде қалып оқып келгендігі тал-қылануға тиіс. Нашар оқып келген оқу-шылар емтихан сынына түспей, сол класына қалдырылады.

Емтиханға жақсы дайындалып, үлгілі өткізу мұғалімдердің де өте жауапты жұ-мысы. Олар әр оқушының оқу жылында қалай үлгірін келгенігін толық сыпат-тарлық мәліметтерді тағы басқа керек до-кументтерді түгендеп алуы керек. Мыса-лы, кейбір мектептерде, бұрын басқа мектепте оқып, кейін документсіз осы мектепке түскен оқушылар болуы мүм-кін; мұндай жағдайда, ондай оқушының өткен кластарда алған бағалары мәлім-сіз болаты. Әрине, бұрын оқылып, көт-кен пәнге «үштен» жоғары баға қою ла-лық болмайды. Ал, егер оқушы үштен жоғары баға алғысы келсе, сол пәннен қосымша сынан етуге тиіс.

Кейбір жерде түрлі себептен оқу жы-лының ішінде бірер пән оқылмаса, яки программа-сы толық өтілмей қалса, басқа

пәндердің емтиханы мезгілінде өткізіліп, оқымай қалған пән сабақ ретінде оқыла-беріледі; бұл пән 20—25 июньге дейін оқытылып, емтиханын 1 августқа дейін өткізу керек.

Мектепте шет тіл мұғалімі болмауы себепті сабақ болмаса, онда емтихан алынбайды, бірақ, аттестатқа яки куәлік ке оқылмағандығы, яки қай класқа де-йін оқылғандығы жазылады.

Емтихан комиссияларының составы жө-ніндегі талаптар да бығығы жылы едә-уір жеңілдетілді. Егер 10-кластардың ем-тихан комиссиясын кілең жоғары білімі бар адамдардан құрастырудың мүмкінші-лімі болмаса, тәжірибесі, білімі жеткілік-ті оқытушылар, педагогикалық институт пен университеттің 3*курсын бітіргендер қатыстырылады. Сол сыяқты, білімі жет-кілікті деп табылса, қазақ мектептерінде 10-кластарға сабақ беріп жүрген ана ті-лі мұғалімдері барлық мектептерде шет-тіл мұғалімдері жоғары дәрежелі білімі болмаған күнде, комиссияға қатыстыры-лады. Екі ассистент орнына біреу бол-са, да жарайды. Егер мектеп директоры-ның жоғарғы білімі болмаса, комиссия преседәтелі етіп оқу жұмысын басқа-рушыны белгілеуге болады.

Емтиханда оқушылардың білімін нақ-ты, дәл бағалауға қатты назар салыны-сын.

Көмелеттік аттестатын алу емтиханы орыс мектебінде ана тілінен шығарма жазу емтиханынан, ал қазақ мектебінде ана тілі мен орыс тілінен жазуша емти-ханның басталады. Егер бұл емти-ханда оқушының алған бағасы үштен төмен болса, оған басқа пәндерден емти-хан тапсыруға рұхсат етілмейді.

Тіл және математиканың жазуша ем-тихандары Оқу Халық Комиссариатының белгілері бойынша республика көлемінде бір күнде өткізіледі.

Жазуша емтихандар кезінде мына жай-дайларды ұмытпау керек: жат жазу тек-сті мұғалім дауыстап, сөз өкінін сақ-тан, нашар көлтіріп оқып шығады. Оған соң сөйлемді айтып жаздыра бас-тайды. Ал, сөйлемдер қайталанса берме-сін. Мазмұндама болғанда текстіні мұға-лім екі рет оқып шығады. Оқушылардың

алғашқы жазғандары көшіріліп біткеннен кейін мұғалімге қоса тапсырылады.

Жазу жұмысына бағаны мұғалім де, ассистент те қояды. Мазмұндама болған-да оның емле қателері, тыныс белгілері-нің дұрыс қойылуы еске алынуымен қа-тар, сөз жүйесі, сөйлем құрылысы, ой-тізбегі сыяқтыларға көңіл бөлінеді. Егер кейде, бірдей қолданылып жүрілетін, мән-дес сөз, тыныс белгісі (емле ережесіне қайшы келместей болғанда) қолданылса қате деп есептелмейді. Мазмұндамаға бар-лық жақтары еске алынып бір ғана ба-ға қойылады.

5-класта мазмұндамаға, 10 класта шы-ғармаға емтихан алушы мұғалім өзінің қысқаша қорытындысын жазады.

4-ші кластарға берілетін есеп сұрау түрінде жоспары жасалып шығарылады. 7-ші мен 10-кластарда геометрия және арифметика есептерін шығарғанда, то-лық түсінігі жазылуға тиіс. Алгебра мен арифметикаға сондай-ақ, геометрия мен тригонометрияға бір ғана баға қойылады.

Ауызша емтихандар кезінде, жауап беруге даярланып отырған оқушы оқу құралдарын оқып пайдалануына болмай-ды. Емтиханға оқушылар кітапсыз келе-тін болсын. География, жаратылыс та-ну, тарих сабақтарының емтиханы кезін-де, жауап беруге даярланып отырған оқушы карта, таблица сыяқты көрнекі құралдармен алдын ала танысып алула-рына болмайды, бірден жауап қойылып, құралдарды бірден көрсете білуі шарт.

Емтиханның ойдағыдай нәтижелі бо-лып өтуі мұғалімнің өзін өзі ұстай бі-луіне байланысты. Мұғалімнің өзі жүрек-сініп отырса, бұл балаға әсер етіп, оның депірін қашырады, қателесуіне жол ашады. Сондықтан мұғалім өзін жақсы ұстай білуі хажет. Мұғалім оқушының сөзін белмей, оның ойын толық айтып шығуына мүмкіншілік беруі, қосымша сұраулар аз болуы керек.

Оқушыларға тек емтихан комиссиясы мүшелері ғана сұрау бере алады, көлден-нен адамның сұрау беруге қақы жоқ. 10-шы кластан басқа барлық кластар-дың оқушысы алған билеттегі сұраулар-ға жауап бере алмаса, басқа бір билет алуға еркі бар.

Оқушылардың жауаптары толық, та-қырыпты ұғынғанын, білімін іс жүзінде пайдаға асыра алатынын көрсетерлік болып, олардың жауаптары осы тұрғыдан бағалануға тиісті. Оқушының емтиханда барлық сабақтан алған бағасы да есепке алынады. Мектеп кеңесі оқушыларға кө-мелеттік аттестатын беру, оларды медаль-ға ұсыну, сонымен қатар, 7- және 4-ші кластарды бітіргендерге куәлік қағаз бе-ру мәселелерін комиссия мүшелері мен оқу бөлімі өкілін қатыстыра отырып ше-шіп, жаңағы айтылған жағдайды ескеруі хажет.

Емтихан өткізілетін кластар ойдағыдай жабдықталған болуға тиісті. Онда керек-ті құралдар жеткізілуі және пайдаланы-латын болуы тиіс.

Емтихандардың жақсы өтуіне Бта-ана-лардың әсері үлкен. Олар балаларының сабаққа даярлануына толық жағдай ту-ғызулары керек.

Емтиханға даярлық кезінде және ем-тихан түсында мектеп басшылары мен оқу бөлімдеріне жауапты міндеттер жүк-теледі. Олар емтихан комиссияларының мүшелерін белгілеу, билеттер даярлау, билеттерге қосымша материал әзірлеу, жазу аспаптарын даярлау сыяқты мәсе-лелермен күні бұрын шұғылданып, тиісті шараларды толық жүзеге асыруға тиіс.

Емтиханды тек өткізумен ғана іс біт-пейді, оқушылардың білім дәрежесін то-лық және дұрыс талдап, сапасын айыра білу керек.

Үстіміздегі оқу жылында оқушыларға да, оқытушыларға да талап күшейтілді, мектептерде оқу жұмысы осы ұранмен аяқталуға тиіс.

Тарихи ұлы жеңіспен рухтанған оқы-тушылар мен оқушылар Отанымыздың бұдан былай да гүлдене беруі жолында барлық күштерін жұмсап, оқу жылын ойдағыдай аяқтап, мемлекеттік емтихан-ды аса жауаптылықпен өткізетіндіктері-не сенім зор.

Жауапты редактордың орынбасары
Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.